

"Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы" Амангелді ауданы Үртек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы Үртек ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 қазандығы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 қарашада № 24981 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Амангелді ауданы Үртек ауылдық округі әкімінің "Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2019 жылғы 24 мамырдағы № 1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8487 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Амангелді ауданының Үртек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үртек ауылдық округінің әкімі

Г. Жакибаев